



Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 122 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 желтоқсанда № 31303 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі бекітілсін.

2. Бухгалтерлік есеп департаменті (Д.А. Тайшыбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Ұлттық
Банкінің Төрағасы

Г. Пирматов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту агенттігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Ұлттық
Банкінің Төрағасы
2022 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 122 Қаулыға
қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 22 қыркүйектегі № 79 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5348 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарында:

2-тарауда:

3-параграфта:

3240-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 3250-шотпен толықтырылсын:

| | |
|-------|----------------------------------------------------------------------|
| "3250 | Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша міндеттемелер"; |
|-------|----------------------------------------------------------------------|

3390 71-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 3390 72-шотпен толықтырылсын:

| | |
|----------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| "3390 72 | Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша резервтік қорлары"; |
|----------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

7-параграфта:

7220 01-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

| | |
|----------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| "7220 01 | Әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша шығыс"; |
|----------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|

3-тарауда:

1-параграфта:

3240-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 3250-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"3250 "Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша міндеттемелер" (пассивті).

Мақсаты: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге тиіс жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша міндеттемелерінің сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге тиіс жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге тиіс жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша есептелген міндеттемелерінің сомасын есептен шығару жазылады.";

3390 71-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 3390 72-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"3390 72 "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша резервтік қорлары" (пассивті).

Мақсаты: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша резервтік қорларының сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша резервтік қорларына түсімдер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша резервтік қорларының сомасын есептен шығару жазылады.";

7220 01-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7220 01 "Әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша шығыс".

Мақсаты: ұйымның әлеуметтік салықты, әлеуметтік аударымдарды және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі шығыс сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның әлеуметтік салықты, әлеуметтік аударымдарды және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі шығыс сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыс сомасын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады."

2. "Инвестициялық портфельді басқарушылардың, бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және сақтандырушының инвестицияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасауды жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және сақтандырушының инвестицияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі

нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2010 жылғы 1 ақпандағы № 4 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6090 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Инвестициялық портфельді басқарушылардың, бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және сақтандырушының инвестицияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасасатын сақтандыру ұйымдарының және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және сақтандырушының инвестицияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасасатын Қазақстан Республикасы бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы;

кіріспе және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) және 3-4) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Инвестициялық портфельді басқарушылардың, бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және сақтандырушының инвестицияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасасатын сақтандыру ұйымдарының және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және сақтандырушының инвестицияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасасатын Қазақстан Республикасы бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқарушылардың, бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және сақтандырушының инвестицияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасауды жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және сақтандырушының инвестицияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Инвестициялық портфельді басқарушылардың, бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және сақтандырушының инвестицияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасасатын сақтандыру ұйымдарының және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және сақтандырушының инвестицияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасасатын Қазақстан Республикасы бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулық";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Нұсқаулық "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) және 3-4) тармақшаларына, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді және:

клиенттердің инвестициялық басқарудағы активтерінің инвестициялық портфелін басқарушылардың және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және сақтандырушының инвестицияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасасатын сақтандыру ұйымдарының және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және сақтандырушының инвестицияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасасатын Қазақстан Республикасы бейрезидент - сақтандыру ұйымдары филиалдарының (бұдан әрі – ұйым);

бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – брокер) брокерлік қызмет көрсету туралы шарт бойынша клиенттерден алынған активтердің бухгалтерлік есебін жүргізуін нақтылайды.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Нұсқаулықта көзделмеген бухгалтерлік жазбалар "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады."

3. "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1), 3-2) және 3-4) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарында:

2-тарауда:

5-параграфта:

5722-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

| | |
|-------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| "5722 | Әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша аударымдар және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары"; |
|-------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

3-тарауда:

1-параграфта:

5722-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5722. Әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша аударымдар және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары.

Шоттың мақсаты: Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін әлеуметтік аударымдардың, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төленетін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша аударымдардың, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге жататын жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының сомасын есепке алу

Шоттың дебеті бойынша әлеуметтік төлемдерді, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша аударымдарды және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын аударуға байланысты шығыс сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша № 4999 баланстық шотқа келтірілген шығыс сомасын есептен шығару жазылады."

4. "Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 68 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7121 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының

1) және 3-4) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Нұсқаулық "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) және 3-4) тармақшаларына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді."

5. "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7118 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:

мынадай мазмұндағы 5-2-тармақпен толықтырылсын:

"5-2. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

| | | |
|----|---------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Дт | 1060 61 | Ағымдағы шоттағы (инвестициялық шот) ақшалай қаражат (зейнетақы активтері) |
| Кт | 3390 70 | Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған шартты зейнетақы шоттарында есепке алынатын қаражат." |

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Қаражат жеке тұлғалардың шартты зейнетақы шоттарынан резервтік қорлардың шоттарына есепке жазылған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

| | | |
|----|---------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Дт | 3390 70 | Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған шартты зейнетақы шоттарында есепке алынатын қаражат |
| Кт | 3390 68 | Шартты зейнетақы міндеттемелері бойынша резервтік қор |
| | | Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жұмыс берушінің |

| | | |
|--|---------|---------------------------------------------------------|
| | 3390 72 | міндетті зейнетақы жарналары бойынша резервтік қорлары. |
|--|---------|---------------------------------------------------------|

Резервтік қорлардың шоттарынан қаражатты жеке тұлғалардың шартты зейнетақы шоттарына есептен шығару кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

| | | |
|----|---------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Дт | 3390 68 | Шартты зейнетақы міндеттемелері бойынша резервтік қор |
| | 3390 72 | Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша резервтік қорлары |
| Кт | 3390 70 | Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған шартты зейнетақы шоттарында есепке алынатын қаражат."; |

мынадай мазмұндағы 86-1-тармақпен толықтырылсын:

"86-1. Таза инвестициялық кіріс шартты зейнетақы шоттарына және резервтік қорлардың шоттарына есепке жазылған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) 5610 "Есепті кезеңнің бөлінбеген пайдасы (өтелмеген залал)" шоты бойынша кредиттік қалдық болған кезде:

| | | |
|----|---------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Дт | 5610 | Есепті кезеңнің бөлінбеген пайдасы (өтелмеген залал) |
| Кт | 3390 70 | Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған шартты зейнетақы шоттарында есепке алынатын қаражат |
| | 3390 68 | Шартты зейнетақы міндеттемелері бойынша резервтік қор |
| | 3390 72 | Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша резервтік қорлары; |

2) 5610 "Есепті кезеңнің бөлінбеген пайдасы (өтелмеген залал)" шоты бойынша дебеттік қалдық болған кезде:

| | | |
|----|---------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Дт | 3390 70 | Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған шартты зейнетақы шоттарында есепке алынатын қаражат |
| | 3390 68 | Шартты зейнетақы міндеттемелері бойынша резервтік қор |
| | 3390 72 | Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша резервтік қорлары |

6. "Бухгалтерлік есеп жүргізуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 270 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7978 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1), 3-2) және 3-4) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Бухгалтерлік есеп жүргізуді ұйымдастыру қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Бухгалтерлік есеп жүргізуді ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Бухгалтерлік есеп туралы заң) 20-бабы 6-тармағының 1), 3-2) және 3-4) тармақшаларына сәйкес әзірленді және қаржы ұйымдарының, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру брокерлері филиалдарының (бұдан әрі – ұйымдар) бухгалтерлік есеп жүргізуді ұйымдастыру тәртібін айқындайды.";

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктерінің филиалдары және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар касса операцияларын жүргізу кезінде "Екінші деңгейдегі банктерде, Ұлттық пошта операторында және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 231 қаулысын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19680 болып тіркелген) басшылыққа алады.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Қағидалардың 4-тарауының 4, 5 және 6-параграфтары қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қолданылмайды.

Қағидалардың ұйымның функцияларын фронт-офиске, мидл-офиске (бар болса) және бэк-офиске бөлуге байланысты бухгалтерлік есеп жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі талаптары жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлғаларға қолданылмайды.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Бухгалтерлік қызмет жұмысын ұйымдастыру";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бухгалтерлік қызмет басшысы (бұдан әрі – бас бухгалтер) бухгалтерлік есепті жүргізуді, қаржылық есептілікті жасау мен ұсынуды, есептік саясатты қалыптастыруды, бухгалтерлік есеп мәселелері бойынша басқа ішкі құжаттарды дайындауды, сондай-ақ оларды ұйымның басшысына (не оның орнындағы адамға) немесе өзге де басқару органына бекітуге ұсынуды қамтамасыз ететін лауазымды тұлға болып табылады.

Бухгалтерлік есепті жүргізуді және қаржылық есептілікті жасауды шарт негізінде бухгалтерлік немесе аудиторлық ұйымға немесе кәсіби бухгалтерге беру кезінде немесе бухгалтерлік есепті басшылықтың жеке өзі жүргізуі кезінде қызметін қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаның басшылығы осы Қағидалар талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Ұйымның бас бухгалтерін қоспағанда, ұйымның (филиалдың, өкілдіктің) бухгалтерлік қызметі қызметкерінің (бұдан әрі – бухгалтер) функциялары ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес мыналар болып табылады:

1) ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес ұйымның бас бухгалтерінің не оның орнындағы адамның нұсқаулары мен өкімдерін орындау;

2) қағаз тасымалдағышта және электрондық түрде қалыптастырылатын бастапқы құжаттар тізбесін жасау, оларды бас бухгалтерге және қажет болған жағдайда ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес ұйымның басқа да адамына келісуге ұсыну;

3) бастапқы құжаттарды тиісінше ресімдеуді және сақталуын қамтамасыз ету;

4) қол қою үлгілерінің, электрондық цифрлық қолтаңбалардың болуын қамтамасыз ету;

5) ұйымның ішкі құжаттарында көзделген өзге де функциялар.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Бухгалтерлік құжаттаманы жүргізу";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Ұйымның барлық операциялары бойынша бухгалтерлік жазбалар хронологиялық жүйелілікті сақтай отырып, бастапқы құжаттар негізінде жүзеге асырылады. Бастапқы құжаттар қағаз тасымалдағышта және (немесе) электрондық түрде жасалады. Өткен не болашақ күнмен бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылмайды. Ақпараттық жүйеде жасалған мәмілелер негізінде автоматты бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асыруға рұқсат етіледі.";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Әрбір операциялық күннің соңында бэк-офис пен фронт-офис және мидл-офис (мидл-офис болған жағдайда) ұйымның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүргізілген және бухгалтерлік есепте көрсетілген операциялардың саны және сомалары бойынша міндетті салыстырып тексеруді жүзеге асырады.

Жүйенің құрамдас бөліктерінің операциялар (төлемдер, қайта бағалау, бағалы қағаздарды сатып алу (сату) және тағы сондай) жүргізу үшін пайдаланылатын сыртқы ақпарат көздерімен өзара іс-әрекеті болған кезде берілетін (қабылданған) ақпараттың тең болуын ұйымның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен салыстырып тексеру қамтамасыз етіледі.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Ұйым құжаттарды жедел (сол немесе өзге де материалдарды пайдалану қажет болған жағдайларда), уақытша (ұзақ мерзімді) және тұрақты сақтауды қамтамасыз етеді

Уәкілетті ұйымдар кейіннен архивке бере отырып, операциялық күннің соңына дейін кассада бір күн ішінде жүзеге асырылған операциялар бойынша бастапқы құжаттардың сақталуын қамтамасыз етеді.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Ұйымның басшысы (не оның орнындағы адам) және құжаттарды сақтауға жауапты қызметкер ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес бас бухгалтермен келісілген ұйымның құжаттарын жүргізуді және сақтауды дұрыс ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Құжаттар электрондық тасымалдағыштарда жүргізілген және сақталған жағдайда ұйымның басшысы (не оның орнындағы адам) және ақпараттық технологиялар бөлімшесінің басшысы олардың сақталуын қамтамасыз етеді.";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Бухгалтерлік есепті жүргізуді ұйымдастыру";

мынадай мазмұндағы 39-1-тармақпен толықтырылсын:

"39-1. Бухгалтерлік есепте есепке алу объектісіне байланысты тиісінше актив, пассив және актив-пассив шоттар, сондай-ақ актив және пассив шоттардың қалдығын нақтылауға арналған контрактив және контрпассив шоттар пайдаланылады.

Мүлікті (активтерді) есепке алуға арналған бухгалтерлік есеп шоттары актив шоттар болып табылады.

Активтерді (пассивтерді) қалыптастыру көздерін және үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерді есепке алуға арналған бухгалтерлік есеп шоттары пассив шоттар болып табылады.

Активтерді, сондай-ақ оларды қалыптастыру көздерін бір мезгілде есепке алуға арналған бухгалтерлік есеп шоттары актив-пассив шоттар болып табылады.

Негізгі актив шоттың қалдығын нақтылау (түзету) үшін пайдаланылатын шот контрактив шот болып табылады.

Пассив шотта есепке алынатын активтерді қалыптастыру көздерінің сомасын нақтылауға (түзетуге) арналған шот контрпассив шот болып табылады.

Пассив шоттар бойынша дебеттік қалдықтар және актив шоттар бойынша кредиттік қалдықтар қалыптастырылмайды.";

мынадай мазмұндағы 68-1-тармақпен толықтырылсын:

"68-1. Ұйымның ішкі құжаттарымен мыналар реттеледі, оның ішінде:

1) қарыз операцияларын (берілген/алынған қарыздарды) көрсету тәртібі;
2) қаржы активтерін басқару үшін ұйым бекіткен бизнес-модельдерге және шартта көзделген ақша ағындарына байланысты қарыз шарттарының сипаттамаларына сүйене отырып берілген қарыздарды сыныптау тәртібі;

3) қаржы активі бойынша ақшалай қаражат ағындарының СППИ (Солели Пайментс оф Принсипал энд Интерес – Solely Payments of Principal and Interest) өлшемшартына сәйкестігін бағалау тәртібі, яғни қарыз шартының талаптарында тек қана негізгі сома мен сыйақыны төлеуді білдіретін ақшалай қаражат ағындарының белгіленген мерзімде туындауы көзделген бе;

4) мыналар қамтылатын, бірақ онымен шектелмейтін, сатып алынған немесе жасалған кредиттік-құнсызданған қарыз шартын (қарыздар шарттарын) есепке алу тәртібі:

маңызды және маңызды емес модификация өлшемшарттары;

маңызды және маңызды емес модификация белгілері болған кезде қарыз шарттарын есепке алу тәртібі;

5) тартылған (орналастырылған) депозиттерді көрсету тәртібі;

6) ұйымның қалауы бойынша берілген (алынған) қарыздарды және тартылған (орналастырылған) депозиттерді есепке алудың басқа да мәселелері.";

69 және 70-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

69. Бухгалтерлік есепте қарыздарды беру (алу) және депозиттерді тарту (орналастыру) бойынша операцияның нәтижесін бухгалтерлік есепте көрсету және (немесе) көрсетуді тексеру ұйымның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде фронт-офис беретін бастапқы құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

70. Ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес тоқсанына кемінде бір рет фронт-офис пен бэк-офис арасында берілген (алынған) қарыздар және тартылған (орналастырылған) депозиттер бойынша шоттардың қалдықтары жөніндегі ақпаратты салыстырып тексеру жүзеге асырылады.";

72 және 73-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"72. Кепіл мүлкінің құны өзгерген жағдайда фронт-офис бэк-офиске бухгалтерлік есепте өзгерістерді көрсету үшін ұйымның ішкі құжаттарымен белгіленген растау құжатын жібереді.

Кепілдерді есепке алу бойынша қосалқы модуль болған жағдайда, кепілдердің құнын қайта бағалау бойынша автоматты бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асыруға рұқсат етіледі.

73. "Қазақстан тұрғын үй компаниясы" акционерлік қоғамына не күмәнді және үмітсіз активтерді сатып алатын еншілес ұйымға берілген қарыздар болған жағдайда, ұйымның ішкі құжаттарымен белгіленген кезеңділікпен, бірақ жылына кемінде бір рет тиісті қарыздар бойынша, оның ішінде осы ұйымдырдың бухгалтерлік есебінде көрсетілген қарыздар бойынша ақпаратты салыстырып тексеру жүзеге асырылады. Салыстырып тексеру нәтижелері бойынша ұйымның ішкі құжаттарымен белгіленген құжат жасалады.";

76-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"76. Инвестициялық қызмет бойынша жасалған операциялардың параметрлері өзгерген жағдайда фронт-офис операциялық күннің аяқталуынан кешіктірмей барлық растайтын бастапқы құжаттарды бухгалтерлік есепте өзгерісті көрсету үшін бэк-офиске береді.";

79-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"79. Ұйымда жауапты бөлімше болып табылатын бөлімше ұйымның ішкі құжаттарында белгіленген кезеңділікпен және тәртіппен талдамалық және синтетикалық есепке алу деректерін салыстырып тексеруді жүзеге асырады.";

89-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"89. Ұйым халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес әзірленген ұйымның ішкі құжаттарында белгіленген кезеңділікпен және тәртіппен белгіленген активтердің құнсыздануына тест жүргізеді"."/;

110-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"110. Жүйеден тыс есепке алынған, материалдық жауапты адамның есебінде тұрған мүлікті есепке алу үшін ол бизнес процестері ескеріле отырып ұйымның ішкі құжаттарымен бекітілген нысан бойынша мүлікті есепке алу журналын арнап, жүргізеді.";

112-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"112. Мүлікті жүйеден тыс есепке алу ұйымның бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті немесе бухгалтерлік есеп деректері бойынша есептілікті жасау үшін қолданатын ақпараттық жүйесінде жүзеге асырылады.";

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Түгендеу";

116-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"116. Активтер мен міндеттемелерді толық түгендеу жылына кемінде бір рет жүргізіледі. Айрықша жағдайларда (еңсерілмейтін күш жағдайлары (төтенше жағдай, пандемия), ұйымдарды біріктіру, ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің көшуі сияқты) активтер мен міндеттемелерді толық түгендеу ұйымның уәкілетті органының шешімі бойынша бір жылдан аспайтын мерзімге кейінге қалдырылады. Ішінара түгендеу қажет болған кезде жиі жүргізіледі. Ішінара түгендеу кезінде активтер мен міндеттемелердің түрлерін қамтуды ұйымның басшысы (не оның орнындағы адам) немесе ұйымның басшысы белгілеген лауазымды адам (адамдар) бекітеді.";

146-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"146. Ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес негізгі құрал-жабдықтарды түгендеу басталғанға дейін не түгендеу сәтінде:

түгендеу тізімдемелерінің және негізгі құрал-жабдықтарды есепке алу жөніндегі тізімнің болуы және жай-күйі;

техникалық паспорттардың және басқа техникалық құжаттамалардың болуы және жай-күйі;

аталған объектілердің ұйымның меншігінде, жауапты сақтауда болуын растайтын құжаттардың, сондай-ақ жалдау шарттарының болуы тексеріледі. Құжаттар болмаған кезде олардың алынуы және ресімделуі қамтамасыз етіледі.";

148-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"148. Негізгі құрал-жабдықтар тізбесі түгендеу тізімдемесіне объектінің негізгі мақсатына сәйкес атаулары бойынша кіргізіледі. Егер объекті қайта қалпына келтірілсе, қайта жаңартылса, кеңейтілсе немесе қайта жабдықталса және осылардың салдарынан оның негізгі мақсаты өзгерсе, онда ол жаңа мақсатқа сәйкес келетін атауымен түгендеу тізімдемесіне кіргізіледі және қажет болған жағдайда бухгалтерлік есепте тиісті бухгалтерлік жазба жасалады.";

150-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"150. Түгендеу кезінде ұйымның орналасқан жерінен тыс жерде орналасатын негізгі құрал-жабдықтардың объектілері (автомашиналар, күрделі жөндеуге жіберілген машиналар, құралдар мен соларға ұқсастар) ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес түгенделеді.";

156-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"156. Салыстыру ведомостарында бухгалтерлік есептің деректері мен түгендеу тізімдемелерінің деректері бойынша көрсеткіштер арасындағы айырмашылықтар

көрсетіледі. Салыстыру ведомостары түгендеу кезінде есептік деректерден ауытқуы анықталған активтер бойынша жасалады."

7. "Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету" қаржылық есептілік стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 195 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8765 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 64) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

көрсетілген қаулымен бекітілген "Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету" қаржылық есептілік стандартында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету" қаржылық есептілік стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 64) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді, зейнетақы активтерінің бухгалтерлік есебін жүргізуге және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі – қор) зейнетақы активтеріне қатысты қаржылық есептілік жасауға арналған.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Стандартта реттелмеген мәселелер "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарымен (бұдан әрі – ХҚЕС) реттеледі."

8. "Брокерлік қызмет бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу" 33 бухгалтерлік есеп стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 137 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9735 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 64) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

көрсетілген қаулымен бекітілген "Брокерлік қызмет бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу" 33 бухгалтерлік есеп стандартында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Брокерлік қызмет бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу" 33 бухгалтерлік есеп стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 64) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) тармақшасына, "Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларын, брокердің және (немесе) дилердің банк операцияларын жүргізу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 9 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9249 болып тіркелген) бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларына, брокердің және (немесе) дилердің банк операцияларын жүргізу тәртібіне сәйкес әзірленді және бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның (бұдан әрі – брокер) қаржылық есептілікті жасаған кезде қолдануына арналған."

9. "Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13504 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларында:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Ұлттық Банкке жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылғы 30 (отызыншы) сәуірге (қоса алғанда) дейінгі мерзімде "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 54-бабының 3-тармағына сәйкес аудиторлық ұйым растаған, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтері туралы есепті, Қағидаларға 5-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтері туралы есепті, Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепті және Қағидаларға 6-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен

қалыптастырылған таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепті қамтитын зейнетақы активтері бойынша жылдық қаржылық есептілікті электрондық форматта ұсынады.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары Ұлттық Банкке жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылғы 30 (отызыншы) сәуірге (қоса алғанда) дейінгі мерзімде "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 54-бабының 3-тармағына сәйкес аудиторлық ұйым растаған, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтері туралы есепті және Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепті қамтитын зейнетақы активтері бойынша жылдық қаржылық есептілікті электрондық форматта ұсынады.";

16-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмамынан) кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті;

Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтері туралы есепті;

Қағидаларға 13-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтері туралы есепті;

Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепті;

Қағидаларға 14-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепті ұсынады;"

5-қосымша осы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда 5-1-қосымшамен толықтырылсын;

6-қосымша Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес редакцияда 6-1-қосымшамен толықтырылсын;

13-қосымша Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес редакцияда 13-1-қосымшамен толықтырылсын;

14-қосымша Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Тізбеге 8-қосымшаға сәйкес редакцияда 14-1-қосымшамен толықтырылсын."

10. "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Ислам банктерінің бухгалтерлік есеп жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 46 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15117 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

көрсетілген қаулымен бекітілген Ислам банктерінің бухгалтерлік есеп жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ислам банктерінің бухгалтерлік есеп жүргізу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) тармақшасына, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді және ислам банктерінің (бұдан әрі – банк) бухгалтерлік есеп жүргізуін нақтылайды."

11. "Бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 47 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15084 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына сәйкес әзірленді және қаржы ұйымдарының (айрықша қызметі банкноттарды, монеталарды және

құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру брокерлері филиалдарының (бұдан әрі – ұйым) бухгалтерлік есеп жүргізуін автоматтандыру тәртібін айқындайды.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қағидаларда "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы", "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ұғымдар, сондай-ақ мына ұғымдар қолданылады:

1) автоматтандырылған жұмыс орны – ұйым қызметкерінің автоматтандырылған бизнес-процестерді іске асыруға қатысуын қамтамасыз ететін техникалық, ақпараттық және бағдарламалық ресурстардың жиынтығы;

2) аудиторлық із – мәмілелерді (операцияларды) немесе жүйелік функцияларды жасаған кезде пайдаланушының іс-әрекетін қадағалау және белгілеу процесі;

3) бухгалтерлік есеп деректері бойынша есептілік – Қазақстан Республикасының бейрезидент - банкінің филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру брокерінің филиалы қалыптастыратын есептілік;

4) дерекқор – деректердің сипаттамасы, сондай-ақ олардың объектілері арасындағы өзара байланысы сипатталатын тұжырымдамалық құрылымға сәйкес ұйымдастырылған деректердің жиынтығы;

5) орталықтандырылған қолжетімділік – қашықтағы автоматтандырылған жұмыс орындары пайдаланушыларының нақты уақыт режимінде байланыс арналары бойынша ақпараттық жүйенің бірыңғай дерекқорына қолжетімділігі;

6) орталықтандырылмаған қолжетімділік – қашықтағы автоматтандырылған жұмыс орындары пайдаланушыларының жергілікті базаны деректерді реттеп беру арқылы үйлестіре отырып, байланыс арналары бойынша ақпараттық жүйенің бірыңғай дерекқорына қолжетімділігі;

7) сторно – бухгалтерлік есептің тіркелімдерде анықталған қателерді түзету жөніндегі бухгалтерлік жазба."

12. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есеп жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы және Қазақстан Республикасының кейбір

нормативтік құқықтық актілеріне бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 251 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16390 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарында:

2-тарауда:

3-параграфта:

3240-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 3250-шотпен толықтырылсын:

| | |
|-------|----------------------------------------------------------------------|
| "3250 | Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша міндеттемелер"; |
|-------|----------------------------------------------------------------------|

7-параграфта:

7220 01-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

| | |
|----------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| "7220 01 | Әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша шығыс"; |
|----------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|

3-тарауда:

1-параграфта:

3240-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 3250-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"3250 "Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге тиіс жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша міндеттемелерінің сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге тиіс жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге тиіс жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша есептелген міндеттемелерінің сомасын есептен шығару жазылады.";

7220 01-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7220 01 "Әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша шығыс".

Мақсаты: ұйымның әлеуметтік салықты, міндетті әлеуметтік аударымдарды және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі шығыс сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның әлеуметтік салықты, міндетті әлеуметтік аударымдарды және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі шығыс сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыс сомасын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады."

